

9. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть) от 1 июля 1999 года №409-І (с изменениями и дополнениями по состоянию на 04.05.2009 г.).
10. Омарова А.Б. Гражданско-правовые проблемы института коммерческой тайны в Республике Казахстан / Диссертация на соиск. Уч. ст. канд. юрид. наук. Алматы, – 2001. – 172 с.
11. Закон Республики Казахстан от 31 января 2006 года №124-ІІІ «О частном предпринимательстве» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 04.05.2009 г.)
12. Интеллектуальная собственность: взгляд на завтра (круглый стол) // Социалистическая законность, №5, 1990, С. 13-16.
13. Гражданский кодекс Республики Казахстан (общая часть): Комментарий. В 2-х книгах. Кн. 1. // Под ред. М.К. Сулейменова, Ю.Г. Басина. – Алматы: Жеті Жарғы, – 1997. – 416 с.
14. Закон Республики Казахстан от 13 мая 2003 года №415-ІІ «Об акционерных обществах» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 05.07.2008 г.).

Түйін

Омарханова Жаннаның мақаласында кәсіпкердің қаржылық жағдайына әсер ететін коммерциялық ақпарат болып табылатын, яғни коммерциялық құндылық қаралады. Сондықтан мұндай ақпарат кәсіпкер тарапынан тауар болып табылады, азаматтық құқық объектісі, сәйкесінше, коммерциялық құпия ретінде оны қорғау талап етіледі.

Summary

In the article of the masters degree candidate Omarkhanova Zhanna are considered the information, capable to influence a financial position of the businessman, the commercial information, that is commercially valuable. Therefore such information, from a position of the businessman, is the goods so object of the civil rights and, accordingly, its protection in the form of a trade secret is required.

Ш.А. Саламатова,

Қайнар университетінің магистранты

КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ЗАНДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ.

Қазіргі кезеңде экономикасы дамыған өркениетті елдердегі сияқты Қазақстанда көптеген әлеуметтік мәселелер коммерциялық ұйымдар арқылы жүзеге асырыла бастады. Кез келген мемлекет қоғамдық, саяси әлеуметтік, мәдени және басқа да түрлі бағыттағы бағдарламаларды іске асырып, дамытуға мүдделі болып келеді. Коммерциялық емес ұйымдардың қоғам өмірінің әр түрлі саласында атқаратын ролінің маңыздылығына байланысты коммерциялық емес ұйымдар ел экономикасында ерекше орын алатын болады. Демократия мен азаматтық қоғамды қалыптастыруда белсенді роль атқарады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы азаматтық құқық саласында «Коммерциялық емес ұйымдар» туралы заңнама негіздерін заман талабына сай, үйлесімді етіп қалыптастыруы қажет.

Біздің елімізде коммерциялық емес ұйымдар туралы заңдар 90 жылдардың басында, яғни 1994 жылы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім) қабылданғаннан кейін ғана пайда болды. Коммерциялық емес ұйымдардың құқықтық жағдайын реттейтін заңдар мазмұнының сапасын жетілдіру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр. Осы орайда заңгер-ғалым С.Ынтымақов былай дейді: «Заңды тұлғаларды коммерциялық және коммерциялық емес деп жіктеуге объективті әрі жеткілікті негіз боларлықтай тұрақты құқықтық және теориялық негіздер Қазақстанда, өкінішке орай қазіргі күнге дейін әлі де болса қалыптасып болған жоқ. Тіпті заңды тұлғаларды жіктеудің негізі ретінде қарастырылып келген кейбір ұстанымдар бұл күнде құқықтық тәжірибе қажеттіліктерін толық қанағаттандыра алмай отыр. Бұл Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында орын алып отырған өткір әрі айтарлықтай үлкен проблема деп айтуға болады».¹ Коммерциялық емес ұйымдардың құрылуына және олардың белсенді қызмет етуіне мемлекет тарапынан қолдаулар мен құқықтық негіздер қалыптасуда. Оған коммерциялық емес ұйымдарға салық, кеден жеңілдіктерінің берілуі дәлел бола алады.

Коммерциялық емес ұйым кәсіпкерлік қызметпен өзінің жарғылық мақсаттарына сай келуіне қарай ғана айналыса алады (АК-ның 34-бабының 3-тармағы). «Айлайда айта кететіні, тәжірибе жүзінде кәсіпкерлік қызметтің коммерциялық емес ұйымдардың жарғылық

¹ С.Ынтымақов, Заңды тұлғалар: коммерциялық және коммерциялық емес болып жіктелудің құқықтық проблемалары. // Тураби.-2006, № 4, 26 бет.

мақсаттарына сай келуін талап еткен осы норманың талаптарын құқықтық тұрғыдан саралаудың киынға соғатыны белгілі.»¹ Жекелеген ұйымдық-құқықтық нысанындағы коммерциялық емес ұйымдардың кәсіпкерлік қызметіне Қазақстан Республикасының заң актілерінде шектеулер қойылуы мүмкін. Коммерциялық емес ұйым кәсіпкерлік қызметі бойынша кірістер мен шығыстардың есебін жүргізеді. Коммерциялық ұйымдардан өзгеше, коммерциялық емес ұйымдар салық төлеу жеңілдігін пайдаланады. Бұл оларды тартымды ұйым ете түседі, өйткені көптеген коммерциялық емес ұйымдар белгілі бір нысанда кәсіпкерлік қызметпен айналасады. Коммерциялық емес ұйымдардың кәсіпкерлік қызметінен алынатын кірістерді коммерциялық емес ұйымдардың мүшелері арасында бөлісуге болмайды. Одан түсетін кірістер әдетте, коммерциялық емес ұйымдар қызметін қаржыландырудың негізгі көзі болып табылады. Ол жарғылық мақсаттарға жұмсалады. Бұл негізінен қоғамдық бірлестіктерге қатысты. Қоғамдық және діни бірлестіктердің, қорлардың өз қаражаттарын қайырымдылық мақсаттарға пайдалауына жол беріледі. Мүлкіне өз құрылтайшылары (қатысушылары) мүлктік құқықтарын сақтамайтын заңды тұлғаларға қоғамдық бірлестіктер, қоғамдық қорлар және діни бірлестіктер, жатады (АК-тің 36-бабаның 4-тармағы). «Алайда осы заңның (Қоғамдық бірлестіктер туралы заңның) 20-бабы 3-бөлігінде кейбір қоғамдық бірлестіктердің қызмет мақсатының ерекшеліктері ескерілмеген. Мәселен саяси мақсат көздейтін қоғамдық бірлестік болып табылатын саяси партиялардың өз қаражатын қайырымдылық мақсатта пайдалануын іс жүзінде сайлаушыларды «сатып алудың» заңдастырылған жасырын жолы деп қарастыруға болады»² – деп, осы заңның 20-бабы, 3-бөлігіне С.Ынтымақов жаңа редакциядағы толықтыруды енгізуді ұсынады.

Азаматтық кодексте заңды тұлғаларды құру жөнінде жалпы ережелер енгізілген, сол арқылы оның түрлерінің жекелеген нормалары нақтыланады. Кодексте заңды тұлғаның құрылтайшысы хақында арнайы бап енгізілген. Азаматтық кодекстің 40-бабына сәйкес заңды тұлғаны бір немесе бірнеше құрылтайшы құруы мүмкін. Азаматтық кодекс құрылтай құжаттарының түрін және міндетті реквизиттері мен басқа да оған қойылатын талаптарды айқындайды.

Қазақстанда азаматтық заңнамаларда құрылтайшы, қатысушы немесе ұйым мүшесі деген ұғымдарға ресми құқықтық анықтама берілмеген, сондықтан да аталған ұғымдардың аражігін айқын анықтау біздерге оңайға соқпасы сөзсіз. Оның үстіне бұл жағдайды біраз ушықтырып жіберген (эринен, өзге арнайы заңдарды қарастырмағанның өзінде) АК 36-бабының 1, 4 тармақтары, 44-бабының 2 тармағы, 22-бабының 1 тармағының 4 тармақшасы т.с.с. деп айтсақ артық болмас еді. Яғни бұл аталған заң нормалары бірде «құрылтайшылар» деген ұғым мен «қатысушылар» деген ұғымның арасына «теңдік» белгісін қойса, (нақтырақ айтқанда бұл екі ұғым көбіне жақшаға алынып көрсетіледі), бірде «мүшелер» деген ұғым мен «қатысушылар» деген ұғымның арасына «теңдік белгісін қояды.»³

Міне, осы тәріздес сараптамадан коммерциялық емес ұйымдардың құқықтық жағдайына байланысты көптеген мәселелердің анықталмағаны байқалады...

Азаматтық құқықтың кез келген субъектісі мекеме құруы мүмкін және меншік нысанына байланысты мемлекеттік және жеке меншік мекеме болуы мүмкін.

Азаматтық кодексте жеке меншік мекемеге мынадай анықтама берілген: басқару, әлеуметтік-мәдени немесе өзге де коммерциялық емес сипаттағы қызметтерді жүзеге асыру үшін меншік иесі құрған және қаржыландыратын ұйым мекеме деп танылады. (АК-ның 105-бабының 1-тармағы).

Жеке меншік мекеме – басқарушылық, әлеуметтік-мәдени немесе коммерциялық емес сипаттағы өзге де қызметті жүзеге асыру үшін жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлғалар құрған, мемлекеттік құрылымның бөлегі болып табылмайтын ұйым жеке меншік мекеме деп танылады.

Жеке меншік мекемелер өздерінің жарғылық құқық қабілеттілігі шегінде кәсіпкерлік қызмет жүргізе алады. Оны жүргізу құқығы құрылтай құжаттарында баянды етілуі тиіс. (АК-тің 34-бабының 3-тармағы). Жеке меншік мекеменің рұқсат етілген кәсіпкерлік қызметтен

¹ С.Ынтымақов, Заңды тұлғалар: коммерциялық және коммерциялық емес болып жіктелудің құқықтық проблемалары. // Тураби.-2006, № 4, 25 бет.

² С.Ынтымақов, Қоғамдық бірлестіктердің құқықтық жағдайының өзекті мәселелері. //Тураби. -2006, -№3, 33-бет.

³ С.Ынтымақов, Қоғамдық бірлестіктердің құқықтық жағдайының өзекті мәселелері. //Заңгер, №4, 2005, сәуір.

түсірген кірістері құрылтайшының меншігі болып табылады. Алайда, меншік иесінде оларға билік ету құқығы болмайды. Егер әуел бастан біздер мекеменің мүлкін құрылтайшының меншігі деп таныған болсақ, онда меншік иесі өз меншігіндегі мүлкін билеуден қандай құқықтық негіз бойынша бас тартуы тиіс? Азаматтық кодекстің 188 бабының 1-тармағы «меншік иесі өзіне тиісті мүлікті өз қалауы бойынша иеленеді, пайдаланады және оған билік етеді» деп тікелей көрсеткен, яғни меншік иесінің билігі (еркі) барлық жағдайда кез келген өзге субъектілердің құқығынан басым болатындығын мойындауға сөзсіз міндеттіміз.¹ Мекеменің рұқсат етілген кәсіпкерлік қызметтен түсірген кірістері мекеменің дербес билігіне өтеді. Олар және оларға сатып алынған мүлік мекемеге оралымды басқару құқығында емес, ерекше заттық құқықта – мүлікке дербес билік ету құқығында тиесілі болады. Алайда мекеменің заңды тұлға ретінде өзінің иелігіндегі мүлкіне меншік құқығы болмайтынын ескерсек, оның мүлікті дербес билеуі жайлы сөз қозғау мекеменің құқықтық табиғатына қайшы келетіні дау тудырмайды. Сондықтан мүлікті дербес билеу құқығы оралымды басқару құқығы сияқты шектеулі заттық құқықтың мазмұнымен ешбір үйлесім таппауы заңды құбылыс. Мекеменің рұқсат етілген кәсіпкерлікпен айналысу барысында тапқан табысына алған мүлкіне өз құқығы заңда белгіленбеген.² Жеке меншік мекеменің мүлкі оған оралымды басқару құқығымен бекітіліп беріледі. Мекеме мүліктің меншік иесі бола алмайды, мекемеде ақшалай қаражат жеткіліксіз болған жағдайда олардың міндеттемелері бойынша оның құрылтайшысы жауап береді. Мекемелердің жекелеген түрлерінің құқықтық жағдайының ерекшеліктері заң актілерімен белгіленеді.

Қазақстан Республикасында республикалық, аймақтық және жергілікті қоғамдық бірлестіктер құрылып, жұмыс істеуі мүмкін. Қоғамдық бірлестіктің мүлкі оның меншік құқығына жатады. Қоғамдық бірлестіктерге қатысушылардың (мүшелерінің) осы бірлестіктерге өздері берген мүлікке, соның ішінде мүшелік жарналарына құқықтары жоқ. Қоғамдық бірлестік таратылған соң қалған мүлік оның мүшелері арасында бөлініске түспейді, өзінің жарғысында көрсетілген мақсатқа жұмсалады. И.Жанайдаров, Қазақстанда қоғамдық бірлестіктердің шаруашылық жүргізу немесе оралымды басқару құқығында мүлкі бар кәсіпорын нысанында заңды тұлға құру мүмкіндігін заңда қарастыру қажет деп санайды. Автордың пікірінше, қолданыстағы заңнамада қарастырылған қоғамдық бірлестіктердің кәсіпорындар құру барысында заңды тұлғалардың ұйымдық-құқықтық нысанын таңдау мүмкіндігінің шектелуі негізсіз.³ Соңғы жылдары біздің қоғамдық- саяси өмірге батыстан келген «үкіметтік емес ұйымдар» деген жаңа термин қолданысқа енді. Осы мәселе төңірегінде И.Жанайдаров былай деп жазады: «Бұл арада үкіметтік емес ұйымдар деген атаудың өзі қате. Себебі Қазақстанның заңнамасы бойынша үкімет өз ұйымдарын құра алмайды. Батыстан енген бұл ұғым, бәлкім, ұйымның мемлекеттік меншік негізінде емес, жеке меншік нысаны негізінде құрылғанын көрсетуді көздесе керек. Сондықтан «үкіметтік емес» деген сөздің орнына «мемлекеттік емес» деген, дәлірек айтқанда «жеке меншік ұйым» деген терминді қолданған дұрыс болар.⁴

Қоғамдық қорды бір немесе бірнеше азаматтар немесе заңды тұлғалар құруы мүмкін. Қоғамдық қор мемлекеттік тіркеуден өткен соң оның құрылтайшылары оның мүшелері болмайды. Қордың басты ерекшелігі қорды құрған тұлға оған мүше болмайды және оның ісін басқаруға тікелей араласа алмайды. Сонымен қатар жұбайлық және жақын туыстық байланысы бар адамдар осы қордың штаттағы қызмекері бола алмайды. Алғаш рет Қазақстан заңнамасында «мүшелігі жоқ коммерциялық емес ұйым» деген ұғым АҚ 107 бабының 1 тармағында, яғни қоғамдық қорға берілген анықтамада қарастырылған болатын, алайда өкінішке орай, бұл ұғымға заңда ресми анықтама берілмеген.

Тұтыну кооперативі – бұл қатысушылардың материалдық және өзге қажеттерін қанағаттандыру үшін өз мүшелерінің мүліктік (пайлық) жраналарын біріктіру арқылы жүзеге асырылатын азаматтардың ерікті бірлестігі (АҚ-ның 108-бабының 1-тармағының 1-бөлігі) «... кооперативтенді олардың қызмет түріне қарамастан, коммерциялық немесе коммерциялық емес ұйымдар қатарына жатқызуға болмайды. Олар заңды тұлғалар жүйесінде коммерциялық және

¹ Осында, 35-бет.

² М.К.Сулейменов. Монография: Вещное право в Республике Казахстан. А., 1999, С. 187.

³ Субъекты гражданского права, гл. 5. Жанайдаров И.У. Общественное объединение / Отв.ред. М.К. Сулейменов. – Алматы: НИИ частного права КазГЮУ. 2004, 351-бет.

⁴ Сол жерде. 344-345 беттер.

коммерциялық емес ұйымдармен қатар дербес орынға ие болуы тиіс.»¹ Бастапқыда, Қазақстанда тұтыну кооперативі тек азаматтардың ерікті бірлестігі ретінде ғана танылып келген, яғни тұтыну кооперативіне заңды тұлғалардың мүше болу мүмкіндігі заңда қарастырылмаған болатын. Мұндай мүмкіндік тек 1998 жылдың 2 наурызында Азаматтық кодекстің 108-бабына «Заң актілерінде көзделген жағдайларда тұтыну кооперативіне заңды тұлғалар кіре алады» деген толықтыруды енгізудің нәтижесінде ғана пайда болғаны белгілі.

Тұтыну кооперативінің құқықтық жағдайын Азаматтық кодекс, Коммерциялық емес ұйымдар туралы заң және «Тұтыну кооперативі туралы» 2001ж. 8 мамырдағы №197² заң айқындайды. Тұтыну кооперативі нақ өз қатысушыларының қажеттерін қанағаттандыру үшін құрылады. Мұндай қажеттер жеке адамның тұтынуымен шектелген, ал оларды қанағаттандырудың ақшалай нысаны болмайды. Бірақ бұл ережеден өзгешелік бар. Селолық тұтыну кооперативтері өз мүшелерінің ғана емес, селолық жерлерде тұратын басқа адамдардың да материалдық және өзге қажеттерін қанағаттандыруы үшін құрылуы мүмкін. (АК-ның 108-бабының 1-тармағы). Селолық тұтыну кооперациясының ерекшеліктері «Қазақстан Республикасындағы селолық тұтыну кооперациясы туралы» 1999ж. 21 шілде дегі № 450-1³ ҚР заңымен айқындалады. Тұтыну кооперативі коммерциялық ұйым емес. Сондықтан ол бұл әрекет оның жарғылық мақсаттарына сәйлес келетіндіктен ғана кәсіпкерлік қызметпен айналыса алады. Табыс табуды қызметтің негізгі мақсаты етпеу – тұтыну кооперативінің міндетті белгісі. Кооперативтің қызметі едәуір дәрежеде оның мүшелерінің қосымша жарналар есебінен жүзеге асырылады.

Азаматтық кодексте (Жалпы бөлім) тұтыну кооперативіне бар жоғы жеті тармақтан тұранын тек бір ғана бап, яғни 108 бап қарастырылған. Өкінішке орай, осының салдарынан жалпы кооперация институтына арналған нормалар қазіргі күнге дейін Азаматтық кодекстің (Жалпы бөлімде) әр түрлі тарауларында бытыраңқы, бейтарап күйде қалып отыр. Бұл проблемаларды оңтайлы шешудің бір жолып, біздер, кооперация институтын Азаматтық кодексте (Жалпы бөлімде) бөлек тарау түрінде жеке қарастырумен байланыстырамыз.⁴

Жоғарыдағы негізгі мәселелерді қорытындылай келе, коммерциялық емес ұйымдардың құқықтық жағдайына байланысты сұрақтар әлі де көп тереңдей ой-тұжырымдардан өткізуді қажет ететінін көрсетеді. Қазақстандағы коммерциялық емес ұйымдардың қызметін құқықтық реттеуде күрделі мәселелердің шешімін таппай жатқаны айқындала түседі. Заңды тұлғалардың құрылу тәртібі, құқық қабілітінің көлемі, құқықтық жағдайының ерекшелігі жан-жақты қарастыруды қажет етеді.

Аннотация

В данной статье характеризуются индивидуальные организационно-правовые формы некоммерческих организаций. Дается анализ проблемных вопросов по правовому положению организаций, общественных объединений, потребительских кооперативов и фондов.

Summary

This article is about organizational and legal form of the non-commercial organization. The analysis on the organization, consumers co-operative social association and legal situation of the funds, issues, connected to the organizational and legal form of the non-commercial organization are described.

Е. Тунғышбеков,

магистрант Академии экономики и права 1 года обучения специальности «Юриспруденция»

О НЕКОТОРЫХ ВОПРОСАХ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА В ЧАСТИ СОГЛАСОВАНИЯ РУКОВОДЯЩИХ РАБОТНИКОВ ФИНАНСОВЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

С момента приобретения Республикой Казахстан независимости и перехода к построению рыночной экономики на одну из ведущих ролей в экономике государства вышел финансовый

¹ Тычин С.В. Юридическая классификация кооперативов. Юрист, 2004, №36, 32-бет.

² Ведомости Верховного Совета Казахской ССР. – 2001, №10, 138-бап.

³ Казахстанская правда. 1999, 10 тамыз.

⁴ С. Ынтымақов. Қазақстандағы тұтыну кооперативтерінің құқықтық жағдайының өзекті проблемалары. // Заңгер, №3, 2006. 41-бет.